



Qazaqstan Respublikasy Zańnama  
jáne quqqytyq aqparat institútynyń

# JARSHYSY

gylymi-quqqytyq jýrnal №3 (66)-2021

**Құрылтайшы және баспагер:**

«Қазақстан Республикасының  
Заңнама және құқықтық  
ақпарат институты» ШЖҚ РМК  
2006 жылдан бастап шығады  
Журналдың материалдары  
www.zqai.kz  
сайтында орналастырылған  
Заң ғылымдары бойынша диссертациялардың  
негізгі ғылыми нәтижелерін жариялауға  
арналған басылымдар тізіліміне енгізілген  
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.  
№894 бұйрығы)

**Редакциялық кеңес құрамы**

**Сәрпекөв Р.Қ.** - Қазақстанның еңбек сіңірген  
қайраткері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан) –  
(төраға)  
**Абайділинов Е.М.** – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан)  
**Абызов Р.М.** – з.ғ.д. (Барнаул, Ресей)  
**Белых В.С.** – з.ғ.д. (Екатеринбург, Ресей)  
**Губин Е.П.** – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)  
**Мельник Р.С.** – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан)  
**Моисеев А.А.** – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)  
**Муромцев Г.И.** – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)  
**Рахметов С.М.** – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан)  
**Малиновский В.А.** – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан)  
**Унзила Шапақ** – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан)

**Бас редактор**

**Дүйсенов Е.А.** – з.ғ.к.

**Редакциялық алқа құрамы**

**Азер Алиев** – PhD (Киль, Германия)  
**Байниязова З.С.** – з.ғ.к. (Саратов, Ресей)  
**Жанғарашев Р.М.** – LL.M (Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан)  
**Исмагулов Қ.Е.** – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан)  
**Қазбаева Ә.Г.** – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан)  
**Қайырбаева Л.К.** – PhD (Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан)  
**Киязова А.Ж.** – LL.M (Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан)  
**Қоныс В.Т.** – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)  
**Құлжабаева Ж.О.** – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан)  
**Нұрғазинов Б.Қ.** – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан)  
**Нұрмағамбетов Р.Ғ.** – PhD (Челябинск, Ресей)  
**Примашев Н.М.** – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан)  
**Рахымбердин К.Х.** – з.ғ.д. (Өскемен,  
Қазақстан)  
**Тегізбекова Ж.Ч.** – з.ғ.к. (Бишкек,  
Қызығызстан)

Редактор – **Колтубаева Г.Б.**  
Беттеуші – **Тасирова А.С.**  
Тел.: 8 (7172) 26-61-29

Қазақстан Республикасы Ақпарат  
және коммуникациялар министрлігі  
Ақпарат комитетінің  
БАҚ есепке қою туралы күзлігі  
№ 17761-Ж 25.06.2019 ж.  
(Алғашқы есепке қою кезі  
№6592-Ж. 07.09.2005 ж.)

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,  
010000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай-батыр даңғ.,  
19, С-блогы, 306-каб., тел.: 8 (7172) 26-61-22  
www.zqai.kz, E-mail: instzak-kz@mail.ru  
institutzakonodatelstva@gmail.com

**Редакция бағанасы..... 7**  
**Р.Қ. САРПЕКОВ** Зараб Ғазизұлы Қазиевті еске алу ..... 10

**Конституциялық және әкімшілік құқық**  
**Б.Қ. НҮРҒАЗИНОВ, Е.С. ӘБІЛҒАЗИН** «Қазақстан  
Республикасындағы қоғамдық бақылау туралы» Заң  
жобасының тұжырымдамасы және қоғамдық  
бақылау нысандарын арттыру мәселелері..... 17  
**Ж.О. ОНЛАШЕВА** Қазақстанда зайырлы мемлекет  
қалыптастырудың заманауи мәселелері: Тәуелсіздік  
алған 30 жылдан кейін..... 26

**Азаматтық және азаматтық-процестік құқық**  
**А.А. АМАНГЕЛДІ** Цифрлық технологиялар  
бойынша нормаларды Қазақстан Республикасының  
заңнамасына енгізу ..... 34  
**К.К. САБИРОВ ҚР АҚ-нің** «Адал алушыдан мүлікті  
талап етіп алдыру» деген 261-бабына кейбір  
түсініктемелер ..... 44  
**С.А. БІНТЫМАҚОВ** Мекемелердің азаматтық-  
құқықтық жауапкершілігіне қатысты кейбір өзекті  
мәселелер ..... 53

**Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс**  
**К.Х. РАХИМБЕРДИН, М.Р. ГЕТА** Қазақстан  
Республикасының заңнамасындағы тұрмыстық  
зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимылдың теориялық  
және құқықтық аспектілері: мәселелері  
мен болашағы ..... 62

**Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану**  
**Р.М. АСЛАНОВ** Шет елдерде ақпараттық  
қауіпсіздікті қамтамасыз етуді құқықтық реттеу  
(ғылыми-әдеби көздер негізінде)..... 74

**Құқықтық мониторинг**  
**Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ, Е.К. АХМЕТОВ** «Жекелеген  
қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау  
жасау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының  
тиімділігін талдау..... 83

**Мемлекеттік тілдегі заңшығармашылық практика-  
сынан**  
**Б.А. ШОЛАН** Заңнама тілін жетілдірудің кейбір  
мәселелері ..... 92

**Жас ғалым мінбері**

**Е.Б. АХМЕТОВ, А.Н. ОСПАНОВА** Әкімшілік рәсімдердің негізгі қағидаттарын «Қазақстан Республикасындағы заң жобалау жұмыстарын ғылыми қолдау» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу нәтижелері бойынша талдау: функциялары, жүйесі, сатылығы..... 98

**Г.Д. БАЙКЕНОВА** Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жалғыз атқарушы органының еңбегіне ақы және өтемақы төлеу жөніндегі даулар..... 105

**М.М. САЛЫҚБАЕВА** Корпоративтік заңнамадағы «компанияны басқаратын тұлға»: миф немесе шындық?..... 113

**Д.С. БАТЫРБЕКОВА** «Астана» халықаралық қаржы орталығының Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылатын актілеріне қатысты прокурорлық қадағалаудың кейбір проблемалық мәселелері..... 120

**«Жаршының» архивтегі беттері**

**Д.Б. АБДИЛЬДИНА** Профессор Е.М. Абайділиновтің Бірыңғай экономикалық кеңістіктің қызмет етуі ауқымында қолданыстағы ұлттық құқықтың сатылары мәселелері туралы ғылыми жарияланымна қайта оралғанда ..... 129





# ВЕСТНИК

Института законодательства и правовой  
информации Республики Казахстан

научно-правовой журнал №3 (66)-2021

#### Учредитель и издатель:

РГП на ПХВ «Институт законодательства  
и правовой информации  
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года

Все материалы журнала размещаются на  
сайте [www.zqai.kz](http://www.zqai.kz)

Включен в перечень изданий для публикации  
основных научных результатов диссертаций  
по юридическим наукам  
(Приказ ККСОН МОН РК №894  
от 30.05.2013 г.)

#### Состав Редакционного совета

**Сарпеков Р.К.** – Заслуженный деятель  
Казахстана (Нур-Султан, Казахстан) –  
(председатель)  
**Абайдельдинов Е.М.** – д.ю.н. (Нур-Султан,  
Казахстан)  
**Абызов Р.М.** – д.ю.н. (Барнаул, Россия)  
**Белых В.С.** – д.ю.н. (Екатеринбург, Россия)  
**Губин Е.П.** – д.ю.н. (Москва, Россия)  
**Мельник Р.С.** – д.ю.н. (Нур-Султан,  
Казахстан)  
**Моисеев А.А.** – д.ю.н. (Москва, Россия)  
**Муромцев Г.И.** – д.ю.н. (Москва, Россия)  
**Рахметов С.М.** – д.ю.н. (Нур-Султан,  
Казахстан)  
**Малиновский В.А.** – д.ю.н. (Нур-Султан,  
Казахстан)  
**Узила Шапак** – д.ю.н. (Нур-Султан,  
Казахстан)

#### Главный редактор

**Дюсенов Е.А.** – к.ю.н.

#### Состав Редакционной коллегии

**Азер Алиев** – PhD (Киль, Германия)  
**Байниязова З.С.** – к.ю.н. (Саратов, Россия)  
**Джангарашев Р.М.** – LL.M (Нур-Султан,  
Казахстан)  
**Исмагулов К.Е.** – к.ю.н. (Нур-Султан,  
Казахстан)  
**Казбаева А.Г.** – к.ю.н. (Нур-Султан,  
Казахстан)  
**Каирбаева Л.К.** – PhD (Нур-Султан,  
Казахстан)  
**Киязова А.Ж.** – LL.M (Нур-Султан,  
Казахстан)  
**Конусова В.Т.** – к.ю.н. (Нур-Султан,  
Казахстан)  
**Кулжабаева Ж.О.** – к.ю.н. (Нур-Султан,  
Казахстан)  
**Нургазинов Б.К.** – к.ю.н. (Нур-Султан,  
Казахстан)  
**Нурмагамбетов Р.Г.** – PhD (Челябинск,  
Россия)  
**Примашев Н.М.** – к.ю.н. (Нур-Султан,  
Казахстан)  
**Рахимбердин К.Х.** – д.ю.н. (Усть-Каменогорск,  
Казахстан)  
**Тегизбекова Ж.Ч.** – к.ю.н. (Бишкек,  
Кыргызстан)

Редактор – **Колтубаева Г.Б.**

Верстка – **Тасирова А.С.**

Тел.: 8 (7172) 26-61-29

Свидетельство о постановке  
на учет СМИ № 17761-Ж  
от 25.06.2019 г. Комитета информации  
Министерства информации и коммуникаций  
Республики Казахстан (Первичная постановка  
на учет №6592-Ж, 07.09.2005 г.)

Адрес: Республика Казахстан, 010000,  
г. Нур-Султан, пр. Кабанбай батыра, 19,  
блок С, каб. 306, тел.: 8(7172) 26-61-22  
[www.zqai.kz](http://www.zqai.kz), E-mail: [instzak-kz@mail.ru](mailto:instzak-kz@mail.ru)  
[institutzakonodatelstva@gmail.com](mailto:institutzakonodatelstva@gmail.com)

**Колонка редакции** ..... 8  
**Р.К. САРПЕКОВ** Памяти Зараба Газизовича

Казиева ..... 10

#### Конституционное и административное право

**Б.К. НУРГАЗИНОВ, Е.С. АБУЛГАЗИН** Концепция  
проекта Закона «Об общественном контроле  
в Республике Казахстан» и вопросы повышения  
форм общественного контроля ..... 17

**Ж.О. ОНЛАШЕВА** Современные проблемы  
формирования светского государства в Казахстане:  
спустя 30 лет обретения Независимости ..... 26

#### Гражданское и гражданско-процессуальное право

**А.А. АМАНГЕЛЬДЫ** Внедрение норм о цифровых  
технологиях в законодательство Республики  
Казахстан ..... 34

**К.К. САБИРОВ** Некоторые комментарии к статье  
261 ГК РК «Истребование имущества  
у добросовестного приобретателя» ..... 44

**С.А. ЫНТЫМАКОВ** Некоторые актуальные  
вопросы, касающиеся гражданско-правовой  
ответственности учреждений ..... 53

#### Уголовное право и уголовный процесс

**К.Х. РАХИМБЕРДИН, М.Р. ГЕТА** Теоретические  
и правовые аспекты противодействия бытовому  
насилию в законодательстве Республики Казахстан:  
проблемы и перспективы ..... 62

#### Международное право и сравнительное правоведение

**Р.М. АСЛАНОВ** Правовое регулирование  
обеспечения информационной безопасности  
в зарубежных странах (на основе научно-литературных  
источников) ..... 74

#### Правовой мониторинг

**К.Е. ИСМАГУЛОВ, Е.К. АХМЕТОВ** Анализ  
эффективности Закона Республики Казахстан  
«О государственном контроле за оборотом отдельных  
видов оружия» ..... 83

**Из практики законотворчества на государственном  
языке**

**Б.А. ШОЛАН** Некоторые вопросы совершенствования  
языка законодательства ..... 92

## СОДЕРЖАНИЕ

### Трибуна молодого ученого

<b>Е.Б. АХМЕТОВ, А.Н. ОСПАНОВА</b> Апробация результатов научного исследования на тему: «Научное обеспечение законопроектной деятельности в Республике Казахстан» по вопросам анализа основных принципов административных процедур: функции, система, иерархичность.....	98
<b>Г.Д. БАЙКЕНОВА</b> Споры по оплате труда и компенсационной выплаты единоличного исполнительного органа товарищества с ограниченной ответственностью.....	105
<b>М.М. САЛЫКБАЕВА</b> «Контролирующее компанию лицо» в корпоративном законодательстве: миф или реальность?.....	113
<b>Д.С. БАТЫРБЕКОВА</b> Некоторые проблемные вопросы прокурорского надзора в отношении актов Международного финансового центра «Астана», действующих на всей территории Республики Казахстан .....	120
<b>Архивные страницы «Вестника»</b>	
<b>Д.Б. АБДИЛЬДИНА</b> Возвращаясь к научной публикации профессора. Е.М. Абайдельдинова о вопросах иерархии действующего национального права в условиях функционирования Единого экономического пространства.....	129





# Bulletin of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan

# JARSHYSY

scientific and legal journal №3 (66)-2021

**Founder and publisher:**  
RSE on the REM «Institute of Legislation and Legal information of the Republic of Kazakhstan»  
**Published since 2006**  
All journal materials are placed on the website  
[www.zqai.kz](http://www.zqai.kz)  
Included in the list of publications of basic scientific results of dissertations on legal sciences (Order CCES MES RK №894 from 05.30.2013)

#### Editorial Council members

**Sarpekov R.K.** – *Honored Personality of Kazakhstan (Nur-Sultan, Kazakhstan) – (Chairman)*  
**Abayeldinov E.M.** – *d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*  
**Abyzov R.M.** – *d.j.s. (Barnaul, Russian)*  
**Belih V.S.** – *d.j.s. (Ekaterinburg, Russian)*  
**Gubin E.P.** – *d.j.s. (Moscow, Russian)*  
**Melnik R.S.** – *d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*  
**Moiseev A.A.** – *d.j.s. (Moscow, Russian)*  
**Murromcev G.I.** – *d.j.s. (Moscow, Russian)*  
**Rahmetov S.M.** – *d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*  
**Malinovski V.A.** – *d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*  
**Unzila Shapak** – *d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*

#### Chief Editor

**Dyussenov Ye.A.** – *c.j.s.*

#### Editorial Board members

**Azer Aliyev** – *PhD (Kiel, Germany)*  
**Bainiyazova Z.S.** – *c.j.s. (Saratov, Russian)*  
**Dzhangarashev R.M.** – *LLM (Nur-Sultan, Kazakhstan)*  
**Ismagulov K.E.** – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*  
**Kazbayeva A.G.** – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*  
**Kairbaeva L.K.** – *PhD (Nur-Sultan, Kazakhstan)*  
**Kiyazova A.Zh.** – *LLM (Nur-Sultan, Kazakhstan)*  
**Konusova V.T.** – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*  
**Kulzhabayeva Zh.O.** – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*  
**Nurgazinov B. K.** – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*  
**Nurmagambetov R.G.** – *PhD (Chelyabinsk, Russian)*  
**Primashev N.M.** – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*  
**Rakhimberdin K.H.** – *d.j.s. (Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan)*  
**Tegizbekova Zh.Ch.** – *c.j.s. (Bishkek, Kyrgyzstan)*

Editor – **Koltubaeva G.B.**  
Layout – **Tasirova A.S.**  
Tel.: 8 (7172) 26-61-29

*The certificate of registration of mass media №17761-G from 25.06.2019 from the Information Committee of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan (Number and date of primary registration №6592-Zh.07.09.2005.)*

Address: The Republic of Kazakhstan, 010000, Nur-Sultan, Kabanbay-batyr ave., 19, block C, office 306, tel.: 8(7172)26-61-22  
[www.zqai.kz](http://www.zqai.kz), e-mail: [instzak-kz@mail.ru](mailto:instzak-kz@mail.ru)  
[institutzakonodatelstva@gmail.com](mailto:institutzakonodatelstva@gmail.com)

**Editorial** ..... 9  
**R.K. SARPEKOV** In memory of Zarab Gazizovich Kaziev ..... 10

**Constitutional and Administrative Law**  
**B.K. NURGAZINOV, Y.S. ABULGAZIN** The concept of the draft law «On public control in the Republic of Kazakhstan» and issues of increasing the forms of public control ..... 17  
**ZH.O. ONLASHEVA** Modern problems of the formation of a secular state in Kazakhstan: after 30 years of gaining independence ..... 26

**Civil and Civil Procedure Law**  
**A.A. AMANGELDY** Implementation of norms on digital technologies in the legislation of the Republic of Kazakhstan ..... 34  
**K.K. SABIROV** Certain comments on article 261 of the Civil code of the Republic of Kazakhstan «Claiming from a bona fide purchaser» ..... 44  
**S.A. YNTYMAKOV** Certain current legal issues concerning the civil liability of non-profit institutions ..... 53

**Criminal law and Criminal procedure**  
**K.KH. RAKHIMBERDIN, M.R. GETA** Theoretical and legal aspects of countering domestic violence in the legislation of the Republic of Kazakhstan: problems and prospects ..... 62

**International law and Comparative law**  
**R.M. ASLANOV** Legal regulation of information security in foreign countries (based on scientific and literary sources) ..... 74

**Legal monitoring**  
**K.E. ISMAGULOV, Y.K. AKHMETOV** Analysis of the effectiveness of the law of the Republic of Kazakhstan «On state control over the circulation of certain types of weapons» ..... 83

**From the lawmaking practice in the official language**  
**B.A. SHOLAN** Certain issues of the improvement of the language of legislation ..... 92

CONTENT

**Young researchers' tribune**

**Y.B. AKHMETOV, A.N. OSPANOVA** Approbation of the results of scientific research on the topic: «Scientific support of legislative activity in the Republic of Kazakhstan» on the analysis of the basic principles of administrative procedures: functions, system, hierarchy..... 98

**G.D. BAIKENOVA** Disputes regarding labor payment and compensation payments of the single executive body of the limited liability company..... 105

**M.M. SALYKBAYEVA** «Company controlling person» in corporate legislation: myth or reality?1 ..... 113

**D.S. BATYRBEKOVA** Certain problematic issues of prosecutorial supervision in relation to the acts of the International Financial Center «Astana», valid throughout the territory of the Republic of Kazakhstan ..... 120

**The archive pages of the «Bulletin»**

**D.B. ABDILDINA** Returning to the publication of professor E.M. Abayeldinov on the hierarchy of national law in terms of the single economic space ..... 129





ӘОЖ (УДК) – 811.512.122' 374:34

## ЗАҢНАМА ТІЛІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Бекен Ахметоллаұлы Шолан***Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты Лингвистика орталығының жетекші ғылыми қызметкері, Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы; e-mail: sholan50@mail.ru*

**Аннотация.** Мақалада жаһанданудың әсерінен заң тілінің (әсіресе, аударма тілінің), оның ішінде, терминдер мен сөз тіркестерінің дұрыс қолданылмауына қатысты сыни пікірлер айтылып, оларды түзетудің тиімді әдістері ұсынылады.

Азаматтық кодекс пен басқа да бірқатар заңдардың мәтіндерін мұқият талдау арқылы терминдер мен сөз тіркестерінің бірізділігін қамтамасыз ету мәселесіне байланысты ғылыми тұрғыдан негізделген нақты мысалдар келтіріледі. Автор халықаралық терминдерді тиісті мамандар мен заңгерлердің қатысуымен талқылап, тілдік нормаларды сақтай отырып енгізу қажеттігін еске салады.

Заңнамалық актілер орыс тілінде әзірленіп, кейіннен қазақ тіліне аударылатындықтан, аударма тілінің тазалығына қатысты кемшіліктер кездесіп қалады. Оларды болғызбаудың бірден-бір жолы – заңнамалық актілерді, олардың ілесіп құжаттарын мемлекеттік тілде әзірлеуді жолға қою. Осыған орай, мақалада заңнамалық актілерді қазақ тілінде кезең-кезеңмен әзірлеуге дайындық жұмыстарын тиянақты түрде жүргізу жөнінде ұсыныстар беріледі.

Қазақстан тәуелсіздік алып, демократиялық қоғамға бет бұрғаннан кейін басқа елдермен өндірістік-экономикалық, рухани-мәдени байланыстар нығайды. Соның әсерінен тілдік қорымыз да толыға түсті. Халықаралық терминдерді енгізу барысында екі түрлі ұсыныс-пікір қалыптасқан. Біріншісі - терминдерді аудармай, сол күйінде пайдалану, ал екіншісі – сәтті баламасы табылған сөздерді тіл мамандарының талқысынан өткізіп, қолданысқа енгізу. Осы екі пікірді салыстыра отырып, түпкілікті шешімге келуге болатыны мысалдар арқылы дәлелденеді.

Автор заңнама тіліне, оның ішінде аударма тіліне қатысты кейбір проблемалық мәселелер туралы сөз қозғайды. Бұл ретте, мүдделі тұлғалар алдында мемлекеттік тілдегі заңнамалық актілердің сапасын биік деңгейге көтеруге мүмкіндік беретін қыруар жұмыс күтіп тұрғаны атап өтіледі.

**Түйін сөздер:** жаһанданудың әсері, заң аудармасының ерекшеліктері, заңнама лингвистикасы, халықаралық терминдер, заңдарды мемлекеттік тілде әзірлеу.

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ЯЗЫКА  
ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА**Шолан Бекен Ахметоллаұлы***Ведущий научный сотрудник Центра лингвистики Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан, г. Нур-Султан, Республика Казахстан; e-mail: sholan50@mail.ru*

**Аннотация.** В статье отмечены замечания, которые под влиянием глобализации привели к неправильному употреблению языка закона (особенно языка перевода), в том числе терминов и словосочетаний, и предложены эффективные методы их исправления.

По результатам тщательного анализа текстов Гражданского кодекса и ряда других законов приводятся конкретные научно обоснованные примеры, связанные с проблемой обеспечения единообразия терминов и словосочетаний. Автор напоминает, что введение международных терминов, соблюдая языковые нормы, необходимо обсудить с участием

соответствующих специалистов и юристов.

Законодательные акты разрабатываются на русском языке и впоследствии переводятся на казахский язык, в связи с чем имеются недостатки в отношении чистоты языка перевода. Единственный способ их предотвращения – разработка законодательных актов, сопроводительных документов к ним на государственном языке. В этой связи в статье даны рекомендации по тщательному проведению подготовительной работы к поэтапной разработке законодательных актов на казахском языке.

После обретения Казахстаном независимости и перехода к демократическому обществу укрепились производственно-экономические, духовно-культурные связи с другими странами. Под его влиянием пополнялся и языковой фонд. В ходе введения международных терминов сформировались два разных мнения. Первое – использование терминов без их перевода, а второе – обсуждение перевода слов со специалистами в области языка и введение в действие наиболее удачного их перевода. На примерах доказываем, что, сравнивая эти два мнения, можно прийти к окончательному решению.

Автор затрагивает некоторые проблемные вопросы, касающиеся языка законодательства, в том числе языка перевода. При этом отмечается, что перед заинтересованными лицами предстоит серьезная работа, которая позволит поднять на высокий уровень качество законодательных актов на государственном языке.

**Ключевые слова:** влияние глобализации, особенности перевода закона, лингвистика законодательства, международные термины, разработка законов на государственном языке.

## CERTAIN ISSUES OF THE IMPROVEMENT OF THE LANGUAGE OF LEGISLATION

**Sholan Beken Ahmetollauly**

Leading Researcher of the Linguistic Center of the Institute  
legislation and legal information of the Republic of Kazakhstan  
Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan; e-mail: [sholan50@mail.ru](mailto:sholan50@mail.ru)

**Abstract.** The article notes comments which under the influence of globalization led to the incorrect use of the language of the law (especially the translation language), including terms and phrases, and suggests effective methods for correcting them.

Based on the results of a deep analysis of the texts of the Civil Code and a number of other laws, specific scientifically based examples are given related to the problem of ensuring uniformity of terms and phrases. The author emphasizes that the introduction of international terms and observing the language norms should be discussed with the participation of relevant specialists and lawyers.

Legislative acts are developed in Russian and subsequently translated into Kazakh, in connection with there are shortcomings regarding the purity of the translation language. The only way to prevent them is to develop legislative acts and accompanying documents for them in the state language. In regard to this, the article provides recommendations for accurate preparatory work for the phased development of legislative acts in the Kazakh language.

The industrial, economic, spiritual, and cultural ties with other countries were strengthened when Kazakhstan gained independence and transitioned to a democratic society. Under his influence, the language fund was also replenished. During the introduction of international terms, two different opinions were formed. The first is the use of terms without their translation, and the second one is the discussion of the translation of words with specialists in the field of language and the introduction of the most successful translation of them. These examples proved that comparing these two opinions, it is possible to come to a final decision.

The author addresses some problematic issues concerning the language of legislation, including the language of translation. At the same time, it is noted that serious work is ahead of the interested parties, which will allow raising the quality of legislative acts in the state language to a high level.



**Keywords:** *the impact of globalization, features of the translation of the law, the legislation's linguistics, international terms, the development of laws in the state language.*

DOI: 10.52026/2788-5291\_2021\_66\_3\_92

### *Kipicne*

Қоғам дамуының әртүрлі кезеңдерінің өзіндік ерекшеліктері болатыны белгілі. Біздің қоғамның негізгі даму ерекшеліктерінің бірі әрі бірегейі жаһандану процесі болып табылады. Бұл бүкіл әлемге тән ортақ құбылыс болғандықтан, одан біздің ел де тыс қала алмайды. Жаһанданудың адамзатқа пайдалы жақтарын жоққа шығармаймыз, өйткені ғылыми прогрестің барлық жетістіктері мен жаңалықтары бүкіл адамзатқа ортақ. Яғни, мұның өзі «келісіп пішкен тон – келте болмас» деген ұстанымға сай келеді. Алайда, жаһандану «дауылы» шарпыған ұлттық құндылықтар: тіл мен діл, салт-сана, әдет-ғұрып үлкен өзгерістерге ұшырап, тіпті жоғалып кетуі де мүмкін. Соның ішінде ұлттық мүддеге, әсіресе тіл мәселесіне қатысты қауіп-қатердің белгілері қазірдің өзінде анық біліне бастады.

Үстіміздегі жылдың желтоқсан айында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толады екен. Бұл аз уақыт емес. Тәуелсіздігіміздің негізгі кепілдерінің бірі болып табылатын мемлекеттік тіл мәселесіне баса назар аудару қажеттігі де осы пайымнан туындайды. Өйткені «Қазақ тілін меңгеру – біртұтас ұлт болу жолындағы айрықша маңызды қадам.» [1]. Сондықтан бүгінгі таңдағы негізгі мақсат – қолданылып жүрген кодекстердің, заңдар мен заң актілерінің қазақ тіліндегі мәтін жетілдіру арқылы болашақта оның мемлекеттік мәртебесіне лайықты маңызды рөлге ие болуына ықпал ету.

### *Әдістер мен материалдар*

Кез келген заңнама да, оның аудармасы да тірі организм сияқты ұдайы жетілдіріп отыруды қажет етеді. Ғылыми прогресс қарыштап дамып, күн сайын жаңалықтар ашылып жатқан қазіргі заманда уақыт көшінен қалыспай, әрбір жаңалықты дұрыс қабылдай білудің маңызы зор.

Терминдер мен сөз тіркестерінің аудармасын жетілдіру үшін сөздіктерге салыстырмалы түрде зерделеу жүргізілді. Кодекстер мен заңдарда жиі қолданылатын терминдер мен сөздер стилистикалық, лингвистикалық, грамматикалық тұрғыдан талданып, дұрыс әрі дәл нұсқалары ұсынылды.

1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі<sup>1</sup> (бұдан әрі – Азаматтық кодекс (Жалпы бөлім) аудармасында ұшырасатын кемшіліктер мен олқылықтар анықталып, нақты мысалдар келтірілді.

### *Нәтижелер мен талқылаулар*

Заңнамалық актілерге жаңа терминдерді енгізуде бірыңғай көзқарас қалыптасып келеді. Екіұдай түсінілетін сөздерді, сөз тіркестерін бір ізге салу мәселесі қолға алынып жатқанымен, бұл мәселе әлі күн тәртібінен толық түсе қойған жоқ. Өйткені бұл қыруар еңбекті, жан-жақты зерттеп-зерделеуді қажет ететін, саралап, байыппен қаралатын күрделі жұмыс. Осыны ескере отырып, өткен жылы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Заңнама және құқықтық ақпарат институты Лингвистика орталығының 2021 жылы жүргізетін «Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы және Ерекше бөлімдер) мәтіндік теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ету мәселелері» тақырыбындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеу жұмысының жоспары жасалды. Оның басты мақсаты – осы Кодексінің мемлекеттік тілдегі мәтіндерін талдау, жүйелеу, біріздендіру арқылы оның қазақ тіліндегі лексикасын, стильдік ерекшеліктерін жетілдіру және зерттеу объектісінің тілдік нормаларын қолданбалы түрде талдау.

Азаматтық кодекстің (Жалпы бөлім) 26 жылдық даму динамикасы оған 144 өзгеріс енгізілгенін көрсетеді. Әрбір өзгеріс Кодексті лексикалық, стилистикалық және лингвистикалық тұрғыдан жетілдіре түсетініне қарамастан, оның қолданыстағы мәтнінде қағидатты кемшіліктер, олқылықтар мен тілдік коллизиялар орын алып келеді. Мысалы, осы Кодекстің 22, 47, 48, 56, 69, 180, 186, 269-баптарында орыс тіліндегі «должник» термині «борышқор» деп аударылса, 21, 52, 129, 268, 282-баптарында «борышкер» нұсқасында берілген. Тілдік норма бойынша «-қор» деген жұрнақ көбінесе теріс ұғым тудыру үшін («жала-қор», «шылым-қор») жалғанады. Сондықтан «жұмыскер», «ғарышкер» деген сөздер сияқты бұл термин

<sup>1</sup> 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) // [https://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000\\_compare](https://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000_compare) (қаралған күні: 14.06.2021 ж.) // 60 – 130-баптар.

ді де «-кер» жалғауын жалғап, «борышкер» нұсқасында қолданған дұрыс деп ойлаймыз.

Терминдер мен тіркестердің сөздігін (тезаурусын) түзген кезде заң лексикасының өзіндік ерекшеліктерін, заңның мағынасын ашатын нормалардың дәлдігін қатаң сақтау керек. Егер бір сөз екіұдай мағынада немесе әртүрлі аударылса, заңның нормасы екіұдай түсініліп, дәлдіктен ауытқып кетеді.

Мәселен, «законодательные акты» тіркесі осы Кодекстің 77-бабының 1-тармағында «заң актілері», ал осы баптың 4-тармағында «заң құжаттары» болып екі түрлі алынған. Біріншіден, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясы (бұдан әрі – Терминком) «законодательство» деген сөзді «заңнама»<sup>2</sup> деп бекітіп берген, екіншіден, бұл жағдайда «актінің» мағынасы «құжат» емес, «құжатты» кері аударғанда «документ» болып шығады. Актінің құқықтық салмағы құжатқа қарағанда басым екені белгілі. Бұл арада нормалық және лексикалық қателерге жол берілген.

Аталған Кодексте жиі кездесетін (69-баптың 1-тармағы, 70-баптың 2-тармағы, 71-баптың 3-тармағы, 76-баптың 3-тармағы және т.с.с.) «пропорционально» деген анықтауыштың түпмәтінге қарай үш түрлі аудармасы («сәйкес», «мөлшеріне тең», «қарай») қолданылып, сөздердің бірізділігіне нұқсан келтірілген. Егер, бұл сөз түбірінің «пропорция (proportio)» деген латын тіліндегі мағынасы «ара қатынас», «аралық өлшем» деген бірнеше ұғымға бөлініп кететінін ескерсек, осы халықаралық терминді аударудың қажеті бар ма деген сұрақ туындайды. Сондықтан оның «пропорционалды түрде» деген баламасын қолданған жөн. Мұндай сәтімен табылып, кеңінен қолданылып жүрген сөздер мен сөз тіркестері сөздік қорымызда аз емес (мысалы: аккредитация – аккредиттеу, депонирование – депониттеу, идентификация – идентификаттау және т.б.). Сол сияқты, Кодекс мәтініндегі мына терминдерді де саралап, бір ізге түсіріп, дұрыс әрі дәл нұсқаларын қолдануды ұсынамыз: процент (95-баптың 1-тармағында – процент, осы баптың 5-тармағында – пайыз, дұрысы – пайыз); рынок (91-баптың 3-тармағында және 128-5-баптың 2-тармағында – рынок, 106-баптың 1-тармағында және 110-баптың 1-тармағында – нарық, дұрысы – нарық); положение

(72-баптың 4-тармағында – ереже, дұрысы – қағида); денежная единица (127-бапта – ақша бөлінісі, дұрысы – ақша бірлігі).

Азаматтық кодекстің біз қарастырған Жалпы бөлімінде жекелеген сөздер мен терминдерден басқа кейбір орашолақ аударылған сөйлемдер мен тіркестер де бар. Оларды жеке-жеке талдап, көрсетуді мақаланың көлемі көтермейтіндіктен, бір мысалмен ғана шектелуді жөн көрдік. Енді Кодекстің 92-бабының 5-тармағы екінші абзацының аудармасына назар аударайық: «К компетенции исполнительного органа акционерного общества относится решение всех вопросов, не составляющих исключительную компетенцию других органов общества, определенную законодательством или учредительными документами» - «Қоғам басқа да органдарының заңдармен немесе құрылтай құжаттарымен белгіленген ерекше құзыретіне кірмейтін барлық мәселелерді шешу акционерлік қоғамның атқарушы органының құзыретіне жатады». Осы сөйлемде грамматикалық және лексикалық қателіктер орын алған. Біріншіден, «Қоғам» деген сөзден кейінгі «-ның» септік жалғауы түсіп қалған, екіншіден, орысша мәтіндегі «законодательными актами» деген тіркес «заңдармен» емес, «заңнамалық актілермен» деп аударылуға тиіс еді. Ал «исключительный» деген анықтауыш «ерекше» емес, Терминкомның бекітуі бойынша «айрықша» деп алынуы қажет болатын. Енді осы сөйлем аудармасының дұрыс нұсқасын келтіре кетейік: «Қоғамның басқа да органдарының заңнамалық актілерде немесе құрылтай құжаттарында белгіленген айрықша құзыретін қамтымайтын барлық мәселелерді шешу акционерлік қоғамның атқарушы органының құзыретіне жатады». Сондай-ақ зерттеу барысында 79-баптың 2-тармағының 6) тармақшасында, 114-бапта, 128-бапта, 128-2-баптың 3-тармағында осыған ұқсас қателер жіберілгені анықталды.

Сөз тіркесін аударған кезде заңнаманың төлнұсқа мәтінінен (орысша мәтіннен) шыға алмай, сөзбе-сөз тәржімаға (калька) ұрыну жағдайлары ұшырасып қалады. Мысалы, «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 9) тармақшасында «несчастный случай» – «бақытсыз жағдай»<sup>3</sup> деп аударылған. Бұл – нағыз

<sup>2</sup> Бірыңғай республикалық терминологиялық электрондық база // <https://termincom.kz/>

<sup>3</sup> «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы (1-бабының 9) тармақшасы // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000339\\_\(qaralghan\\_kuni:14.07.2021\\_j.\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000339_(qaralghan_kuni:14.07.2021_j.))

калька. Өкінішке қарай, осы сөз тіркесінің Терминком бекіткен, басқа заңдарда қолданылып жүрген «жазатайым оқиға» деген жатық нұсқасы бар екені ескерілмеген.

Заңнамалық норманың дәлдігі мен лексикалық, мағыналық үйлесімділігінің болуы – заң терминін өз мәнінде, сапалы қолданудың басты шарты болып табылады. Заңнамалық-лингвистикалық тұрғыдан келетін болсақ, ұлттық заңнаманың негізінде заң терминдерін, тезаурусын зерделеп, қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі болып қала бермек. Егер, ол таяу жылдары толықтай жүзеге асырылса, заңнама лингвистикасы саласындағы мемлекеттік тілдің ауқымын кеңейтіп, өрісін аша түсер еді. Тілтану ғылымының жаңа бағыты болып табылатын заңнама лингвистикасының негізгі өзегі – заң терминологиясын, заңнама тілінің өзіндік стилін қалыптастыру. Яғни, заңнама терминдерінің мәселесі заңнама лингвистикасының қолданбалы ғылым ретінде қалыптасып, орнығуына тікелей байланысты. Осыған орай, заңнама терминдерін зерттеп, зерделеу жұмысын тиянақты түрде жүргізіп, жаңа нәтижелерді ғылыми дәйектермен бекемдеу үрдісін жалғастыру қажет.

2014 жылдан бері бірнеше кодекс (Әкімшілік құқық бұзушылық туралы, Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Кәсіпкерлік, Қылмыстық атқару және т.б. кодекстер) қайтадан толықтырылып қабылданды, олардың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері Үкімет сараптамасынан өтіп, Парламенттің тұрақты комитеттерінде, жұмыс топтарында талқыланып, жетілдірілді. Соның нәтижесінде көптеген терминдер мен тіркестер пысықталып, дәл мағынасын иеленді. Мысалы, заңнамалық актілерде жиі кездесетін, әртүрлі аударылып келген, мағынасы ұқсас мына сөздердің: «преобразования» – «қайта құрылу»; «присоединение» – «бірігу»; «слияние» – «қосылу»; «выделение» – «бөлініп шығу» сияқты нақты ұғымдары берілді немесе орысша мәтіндегі түбірлері ұқсас мына сөздердің аражігі ажыратылды: «поверка» – «тексеру»; «обследования» – «тексеріп-қарау»; «расследования» – «тергеп-тексеру»; «досмотр» – «жете тексеру»; «осмотр» – «қарап-тексеру». Бұрын бұлардың бәрі «тексеру», «тергеу» деген екі мағынада ғана аударылып келді, мұның өзі кейде сөздердің нақты мағынасына сай келмей, қателікке жол берілетін еді. Сол сияқты, мағынасы ұқсас болғанымен, атқаратын рөлі (заңдық

нормасы) алуан түрлі мына терминдердің: «аутентичность» – «теңтүпнұсқалылық»; «оригинал» – «түпнұсқа»; «подлинник» – «төлнұсқа»; «дубликат» – «телнұсқа» деген баламалары аталған кодекстерде бірізге түсірілген. Өкінішке қарай, басқа заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде осы теңтүпнұсқалылық қағидаты ескеріле бермейді. Бұл мәселені үнемі назарда ұстау керек.

Шет тілдерден енген әлеуметтік-экономикалық терминдер көптеген заңнамалық актілерде сол қалпында алынып жүр, өйткені оларды өз тілімізге қарай икемдеп, жасанды баламасын қолдану арқылы сөзжасам құрастыру кейде жаңсақтыққа ұрындырады. Олай болса, басқа тілдің транскрипциясымен берілген терминдерді жан-жақты саралап, ой елегінен өткізіп барып қолданысқа енгізу қажет деп ойлаймыз. Ал кейбір шетел сөздерінің мағынасын дәл беретін қисынды баламасы табылып жатса, оны дұрыс қабылдап, тілімізді байыта түсуге мүмкіндік туады. Күнделікті өмірде кеңінен қолданылып жүрген осындай сөздер баршылық. Қазақ тіліндегі термин сөздердің қатары соңғы жылдары көптеген жаңа атаулармен толығы бастады, мысалы: адаптация – бейімделу, актуарные расчеты – актуарийлік есептеулер, биотопливо – биоотын, витамин – дәрумен, глобализация – жаһандану, дозор – шолғын, космогония – ғарышнама, критерий – өлшемшарт, иск – талап қою, лоббирование – мүдделік қолдау, резюме – түйіндеме, рекевизит – деректеме, стаж – өтіл, третейское соглашение – аралық келісім және т.б.

Мұның бәрі, түптеп келгенде, технологиялық-инновациялық, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-ақпараттық және халықаралық қатынастардың күрт дамып, нығаюымен байланысты болып отыр. Бұл ретте терминдік атаулардың құқықтық тұрғыдан нақтылығы, қалыптасқан заң стилімен үйлесімділігі қазақ тіліндегі заңнаманың жалпы мазмұнына мағыналық сипат беру арқылы ерекше ықпал жасауда.

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңның 9-бабында мемлекеттік органдардың актілері мемлекеттік тілде әзірленетіні, ал қажет болған жағдайда, мүмкіндігінше, басқа тілдерге аударылуы қамтамасыз етілетіні<sup>4</sup> айтылған. Осыған орай заң жобасын мемлекеттік тілде әзірлеуге кіріскен кезде заңнамалық актілердің жобасын мемлекеттік тілде

<sup>4</sup> «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы (9-бабы) // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_)



әзірлеуге бағдар беретін мынадай бағыттарды назарға алуды ұсынамыз:

заң терминдері мен тұрақты сөз тіркестерінің тезаурусы деген лингвистикалық категорияны мемлекеттік тілде заң жобасын әзірлеудің бастамасы ретінде қарастыру;

заң жобасын қазақ тілінде дайындаған кезде белгілі бір жүйелілікті сақтап, сөз тіркестері мен заң терминдерінің нормаға нұқсан келтірмейтіндей дәлдікпен берілуін жүзеге асыру;

заңның ұғымдық аппараты мен сөз тіркестерінің тезаурусы ауытқымай, сөйлемдегі орнын ауыстырмай, заңның бүкіл мәтінде (сондай-ақ соған ұқсас заң актілерінің мәтіндерінде де) ортақ тәртіп пен тұрақтылықты сақтай отырып қолдану;

күнделікті өмірде алуан түрлі салаларды (халықаралық, құқықтық, экономикалық, ауыл шаруашылық, өнеркәсіптік, әлеуметтік және т.б.) қамтитын заңнамалық актілерде қолданылатын терминдер мен ұғымдардың тұрақты тіркестерін қалыптастыруды жүйелі түрде жалғастыру;

көне грек, парсы, латын, ағылшын және басқа да шет тілінен еніп, сіңісіп кеткен, халықаралық деңгейде қолданылып жүрген терминдерді бір жүйеге келтіріп, бекіту;

заң жобаларын мемлекеттік тілде әзірлеуге қатысты семинарлар мен конференциялар, ресми жиындар мен дөңгелек үстелдер өткізу үрдісін жалғастырып, оларда жасалған ұсыныстардың іс жүзінде орындалуын қадағалауды күшейту;

Терминкомның мақұлдауымен заң аудармасында қалыптасқан терминдер мен тіркестердің, әсіресе, кірме сөздер мен сирек кездесетін ұғымдардың тізбесін жасап, заң жобасын мемлекеттік тілде жазған кезде мәтінде қолдану үшін дайындап қою;

заң жобаларын дайындауға әртүрлі білім салаларының мамандарын, ғылыми мекемелер мен ғылыми қызметкерлерді, қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін тарту.

### Қорытынды

Азаматтық заңнама салаларының лексикалық, терминологиялық қорын қалыптастыруды жалғастыру, заңнама мәтіндерін сапалық тұрғыдан жетілдіру және ол бойынша тұрақты құқықтық мониторинг жүргізу қажеттігі күннен-күнге артып келеді.

Ел өмірінің барлық саласын (экономика, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, әлеуметтік және т.б. салалар) қамтитын заңнамалық актілерде қолданылатын терминдер мен тұрақты тіркестерді қалыптастыру мәселесі жалғаса беруге тиіс. Алдағы жылдары заңнамада жиі қолданылатын тұрақты сөз тіркестерін (тезаурусты) қалыптастыруды қолға алу жоспарда бар. Бұл жұмыспен Институт құрамындағы Лингвистика орталығы айналысатын болады. Мұның өзі заң мәтіндеріндегі терминдер мен сөз тіркестерін басқа құжаттарда да бірізді қолдануға мүмкіндік туғызып, әзірлеушілердің заң нормаларын мемлекеттік тілде сапалы дайындауына бағыт береді деп есептейміз.

Әзірлеуші органдар заң жобаларын мемлекеттік тілде әзірлеген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасын дамытудың ғылыми тұжырымдамаларын, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мемлекет қызметін құқықтық жағынан қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті ұйым жүргізген іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің түпкілікті нәтижелерін пайдалана алады.

«Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы және Ерекше бөлімдер) қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің теңтүпнұсқалылығын қамтамасыз ету бөлігінде өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеуге дайындық жұмысын тиянақтап, талқылауға ұсыну тиісті органдардың басты назарында болуға тиіс. Ол үшін қолда бар мүмкіндіктер мен қажетті алғышарттар қысқа мерзімде жасалуы керек.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қ-Ж. Тоқаевтың ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге дайындық жөніндегі мемлекеттік комиссияның бірінші отырысында сөйлеген сөзі, 05.02. 2021 ж., Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты <https://www.akorda.kz/ru>

## REFERENCES

1. Qazaqstan Respublikasynyň Prezidenti Q-J. Toqaevtyň QR Täuelsizdiginiň 30 jyldyğyn merkeleuge daiyndyq jönindegi memlekettik komissianyň birinşi otyrysynda söilegen sözi, 05.02. 2021 j., Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniň resmi saity <https://www.akorda.kz/ru>